

# ИРАН-ТЭЖІК ПОЭЗИЯСЫ

әлем әдебиеті кітапханасы



“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
КИТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮҢФЫШ ПРЕЗИДЕНТІ  
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

МӘДЕНИ МҰРА

МЕМЛЕКЕТТИК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ

КИТАП СЕРИЯЛАРЫ

БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

---

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*

Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*

Тәуекел С.Т., *жсауапты хатышы*

Әбділдин Ж.М.

Әуезов М.М.

Байпаков К.М.

Зиманов С.З.

Кәлетаев Д.А.

Кекілбаев Ә.

Кенжеғозин М.Б.

Қасқабасов С.А.

Қойгелдиев М.Қ.

Қосыбаев Е.М.

Құл-Мұхаммед М.А.

Мағаунин М.М.

Мәмбейев С.А.

Нұрпейісов Ә.Қ.

Нысанбаев Ә.Н.

Рахмадиев Е.Р.

Сұлтанов Қ.С.

Сүлейменов О.О.

Хұсайынов К.Ш.

# ИРАН-ТӘЖІК ПОЭЗИЯСЫ



әлем әдебиеті кітапханасы

ББК 84 (Б)  
И 74

**“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы  
көркем әдебиет секциясының мүшелері:**

Кекілбаев Әбіш (*төрага*), Абдрахманов Сауытбек, Әбдіков Төлен,  
Асқаров Әлібек, Бельгер Герольд, Елеуkenov Шерияздан, Нұрғали  
Рымғали, Нұрпейісов Әбдіжеміл, Михайлов Валерий, Мұртаза  
Шерхан, Мырза Әли Қадыр, Оразалин Нұрлан, Сүлейменов Олжас,  
Тарази Әкім, Шапай Тұрсынжан, Юсупов Кенес.

*Құрастырып, алғы сөзін жазған*  
**Сейфолла Оспан**

**И 74 Иран-тәжік поэзиясы.**  
Астана: Аударма, 2005. – 728 бет.

ISBN 9965-18-147-0

И 4703020200 – 155  
00 (05) – 05

ББК 84 (Б)

ISBN 9965-18-147-0

© “Аударма” баспасы, 2005.

---

## ШЫҒЫС ПОЭЗИЯСЫНЫң БИІК ПАРАСАТЫ

Әдетте әдебиет саласы болсын, немесе басқа салалар болсын, оның түп негізін қазбалап келгенде өзіміздің Шығыстан шыға келетіні ғажап. Әрине біз оны тарау-тарауға бөліп дәлелдеп беретін болсақ, бұл әңгімеміз ұзакқа да кетуі әбден мүмкін. Бірақ бүгінгі қызығар тақырыбымыздың төңірегінен шығар болсақ, ол таза поэзиямыз жөнінде болмақ және ол қандай десенізші. Шындығына келгенде Шығыс поэзиясының даңқы бүкіл әлем әдебиетінің төрінен орын алатынына дау жоқ. Оның ішінде парсы әдебиетінің өркендерген сонау IX ғасыр мен XV ғасырға дейінгі аралығын алар болсақ, қай кезде де таңғалмасқа болмайтын жайға тап боламыз. Содан да болар кезінде бұл поэзияны әлем данышпандары өте жоғары бағалаған. Тіпті Н.Г.Чернышевский “Шаһнаманың” мәңгі өлмейтіндігіне мынадай дәлел айтады. “Мильтонның, Шекспирдің, Бокаччоның, Дантенің, Фердоусидің тағы басқа да алғашқы поэзиямызға жол салған барлық ақындарымыздың негізгі қуаты халық шығармашылығында жатуында” дейді.

Сол сияқты Батыстың аса көрнекті данышпан ақыны Гетеge бір досы:

– Сіздің не арманыңыз бар еken. Әлемдегі ең жоғарғы дәрежеге жеткен ақын бір өзіңіз ғана болып тұрсыз fой? – дегенде:

– Жоқ, олай демеңіз, сонау Шығыстың атағы көкпен таласқан жеті ақыны тұрғанда бізге үлес қайда. Егер мені солармен салыстырса, олармен арамыз аспан мен жердей болар еді, – деп, өзінің адалдық даналығын аса кішіпейілділікпен білдірген еken. Бұл жерде бізге Гете сындыдананың таңғалмасқа болмайтын құдіреті сол, алдындағы үлгі-өнеге боларлық шырқау шындардың күн шүғыласындағы қасиетін жете танып білуі еді. Және оларды бағалай отырып, өзінің де сол биіктікten төмен түспегендігін білдіреді.

Сол сияқты қарапайым сөз болса да айтып өтпеуге болмайтын, заманымыздың озық оқымыстыларының ойларын көңіліне қатты тоқыған Қалтай Мұхамеджан ағамыздың мынандай да сөзі бар:

“Батыста: неміс тілі – әскери тіл, француз тілі – махаббат тілі, ал италиян тілі әуезді тілге жатады екен, ал біздің Шығыста: түрік тілі – әскери тіл, парсы тілі – махаббат тілі, ал араб тілі – пәлсапалық тілге жатады дейді. Былай қарап отырсак, осы пікірге біз де дау айтпай-ақ қосылуға әбден болады. Дегенмен біздің әңгіме етпек болып отырған ақындарымыздың қаламынан “Жұсіп–Зылиха”, “Ләйлі–Мәжнүн” тағы осы сияқты өмір күйкілігінің арасындағы таза махаббаттың бейнесін беруі, не деген құдірет. Және бұкіл Шығыс құрлығындағы махаббат жайлы жыр шертілетін болса осы парсы ақындарының, қала берді, солардың айналасындағы бір-біріне дес бермейтін әрқайсысы жеке дара қас жүйріктерге тен дүлдүлдердің жасап кеткен, жыр күмбезі – бізге мәңгі өшпейтін жыр мұхитындай шайқалып, қорқынышы мен қуанышы бір бойында буырқанып жатқан өзге әлемді елестететіні екі бастан. Олай болса парсы әдебиетіндегі, оның ішінде поэзиясы осынша үлгі болмаған қиял патшалығын басқа әлемнен іздеу де әбестік болар еді. Бұл жөнінде “Бұкіл әлемдік кітапхана” сериясымен жарық көрген “Иран-тәжік поэзиясы” томдығына жазған И. Брагинскийдің “Әлемдік әуен поэзиясы” атты алғы сөзінде мынадай ұтымды ой айтқаны белгілі. Ол өзінің Шығыс поэзиясы жайлы ойларын тарихи тамырластықпен байланыстыра келіп: “Таким образом, иранская поэзия, первоначально выступившая в арабоязычном облачении, не только подняла на новую высоту арабскую литературу, неотъемлемой частью которой она и является, но подготовила предпосылки для последующего возникновения литературы уже на родном языке – фарси.”

Еще более решающей предпосылкой для развития литературы оказались социально-экономические сдвиги и мощные народные движения в Иране и Средней Азии. На гребне антихалифатского движения “белорубашечников” в Средней Азии пришли к власти иранские династии, сначала Тахирадов и Саффаридов, а затем знаменитой династии Саманидов. Последняя вела свой род от Сасанидов и свое воздействие на аристократические слои и народные массы основывала на воскрешении древних, иранских традиций, – дейді. Бұл жерде И. Брагинский әуелі бір-бірін толықтырып жатқан көршілес халықтардың әдеби жаңғыруымен, екіншіден, қай патшалықтың тұсында өзінің ішкі әрқилы дамуларын ұтымды түрде түсіндіріп бергендей. Қысқасы, сол заманның өзінде екі бағытта дамыған поэзияның өлшемін береді. Алғашында патша сарайларының төңірегінде өзінің алғашқы сара жолын салған поэзия кейін келе-келе суфизмге үласып, қарапайым елге бір табан жақындағанын сездіреді. Хан сарайындағы феодалдық-ақсүйектік мадактау поэзиясы да уақыт өткен сайын небір жүйрік ақындарынды жалықтыра бастайды. Оның аяғы келіп, кешегі суфизмге ұрынуы да тегіннен-тегін болмаса керек. Бұл салада көбіне-көп адамгершіліктің адал жолындағы қасиеттер қатты ескеріле

бастайды. Бұл поэзияның IX ғасырдағы бастапқы негізінде яғни “адами ақын” есебінде тамаша дамуының классикалық дәрежеде мойындалуына Рудакидің тікелей өзі себепші болғандығы айдан анық. Осы ақынның әсерімен өзге ақындардың көптеген саңлақтар тобы пайда болады. Орта Азияда олардың ортасы дами келе бас қосып отыратын ірі әдеби екі орталығы пайда болған. Оның біріне Бұқара, Самарқант қалаларының айналасындағылар, екіншісіне Хорасан өңіріндегі Балх, Мерв қалаларының айналасындағылар араларын үзбей бас қосып отырған. Бұлар негізінен өз шығармаларын тек парсы тілінде жазған, әрине арагідік араб тілінде де жарық көргені де аз болмаған. Рудакидің өзі де тікелей парсы тілінде жазған да сол заман ауқымындағы бір-бірімен арбасуға түскен ақсүйектік, яғни сарай ақындық пен халықтық ағымдағы сопылық поэзияның құш сынасканы ақықат.

Олай болса біз Рудаки өміріне аздап тоқталып өтейік. Бұл жерде бір ескерте кететін жайт, ол біздің иран, тәжік және тағы басқаларын қоса атап отыруымыздың өзіндік сыры бар. Бұлардың бәрі де парсы тіліне жататын халықтар, сондықтан оларды біз жекелеп атасақ та немесе қосып атасақ та тілі де, діні де бір бұл халықтарды айырып болмайды. Және жоғарғы мақтан тұтып отырған ақындарымыздың бәрі де бұларға ортақ. Сөзімізді одан әрі жалғастыру үшін Рудакиге қайта оралайық.

Рудаки 860 жылдардың шамасында қазіргі тәжік елінің Пенжикент ауданының бір шағын пүшпағында Рудак атты елді-мекенінде туып-өсіп бар жастық шағын сонда өткізеді: елге онша белгісіздеу бұл қыстасқ Зарафшан қыратының жарқабақты қойнауында орналасқан көрінеді. Осы жерде жүріп тумысынан зерек бала халық әндері мен музыкасына әбден қанығып, туған жерінің өзіндік таңғажайып табиғатына малынып, сол елді мекеннің адамда-рынан әрқылы даналыққа құлағы үйреніп, қарапайым тау халқының еңбеккер жандарының жан дүние тазалығына тәнті болып ер жетеді. Сөйтіп жүріп тіліне оралған небір асыл жырлардың құраушысы, әрі жыршы, әрі мандай алды музыканты болып, аты айналадағы елге жайыла бастайды. Ол өзінің туған жеріне деген, туған еліне деген бар сүйіспеншілігін еркін шырқап жүреді. Ауыз-екі айтатын бұл өуезді жырларын енді қағаз бетіне түсіріп мәңгі қалдырығысы да келеді. Бірақ ол ойын іске асыру үшін сол замандық дәстүр бойынша патша сарайының жыршысы болмай бағы ашылмайды. Осындаі мәжбурлікпен Саманидтер сарайынан бір-ақ шығады. Ол өзіне мақтан тұтатындағы қосалқы ат та қалаған жок, үлкен шаһарларға да үмтүлмады. Ол бар болғаны өзінің қарапайымдылығының оң жамбасына келетін өзі туып-өскен шағын қыстағының атымен Рудаки атандып жүре береді. Арада көп ұзамай патша сарайындағы келеңсіз жайларға жіті көз жіберіп, одан бойын аулақтата бастайды. Мұндағы патша мен оның айналасындағы нөкерлерге қызмет жасап, сырттағы қарапайым еңбекші халқынан өзінің алшактап, алыстап бара жатқанын сезіп, бірте-бірте ақын көңлі жай таппай, әшейінде еркін қанат қағатын ұшқыр сөздерінің өресі мандымай өзегі байланып, ішке бүккен өксігі тұла бойына жазылmas

дерттей жайлап алады. Айтайын десе байлаулы баспақтай, айтпайын десе өзінің ар-намысын жегідей жеп бара жатқанын байқап, аласұрып тыныштық таба алмайды. Ақыр соңында қанша жерден жасырғанмен ар-намысқа тиетін жайлардан жаны шошып түңіле бастайды. Сонымен не керек осы жайлардың тоқетері барып, айналасына жағымсыздық тудыра бастайды. Ішім-жем мен сыйластықты паш ететін сый-сияпта мол болғанмен, еркін көңіл күйдің діттеген жерінен шыға бермеуі өзін жасытып, жүнжітіп жіберуге дейін барады. Ортағасырда жасаған небір ұлы ақындар басында болған трагедия бұл кісінің де жолын кес-кестеп ашындырып тұрып алады. Осындай тұлғалы жанның кесімді ойы, айналасына онша ұнамай ақыры патша сарайынан қуылышып тынады. Оны сырттай тіпті тумысынан соқыр екен деген де қауесет шығарып, аяғын азызға айналдырып жібереді. Ондағысы өздерінің әділетсіздігін халық алдында ақтағандай әрекеті еді. Бірақ негізінде ақында ондай соқырлық әсте болмаған.

Сондықтан да Рудаки ақынның ішкі ыза-кегі өз патшасының, оның айналасындағылардың жағымсыз қылықтары мен әрекеттері жирендіргендіктен ақын тілі ышқына шығады. Осындай ыза-кееке оранып шыққан жырдың уытын уға суарғандай аңы қалыпта туыннатуға тұра келеді. Содан да болар ақынның ел арасындағы жырлары нағыз халықтың мұндын мұндалап, жоғын жоқтап жатады. Екінші жағынан патша сарайындағы ат төбеліндегі топтың әсерімен оларды мадақтаумен бастаған жырлары кейін келе қасиданың (*мадақтау одасы*) екінші жағына, яғни аңы тілге ойысып кетеді. Содан да ол:

*...Біреулерді тырп еткізбей*

*пайда табу бақ бол саган жүқпайды,*

*Молшылыққа қол жеткізбей*

*ақысын жеу тосын келер жұп қайғы...*

деген сияқты тұжырым жасауға мәжбүр болады. Және бұдан кейінгі шығармаларының осындай қасида, егіз жолдар, рубайлар болып келіп “Калила және Димна” атты пәлсапалық дастандарына ұласады.

Шығармаларының қай-қайсысы болмасын халық шығармашылығынан, яғни пәлсапалық ой арнасынан нәр алып жатады. Демек ақынның сан қырлы ой жүйесі қай жанр болмасын өзіне жат саналмай сол жанрдың ауқымында өз арнасын тауып жүре беретіндігімен ғажап. Бұл қасиет өзінен кейінгі шәкірт ақындарға үлкен ұлғі-өнеге есебінде тарайды. Жалпы екінші жағынан алғанда Рудакидің өзіндік жаңалығы адам мен табиғаттың жасандыратын жаңа бетін ашуы еді. Және ислам дініне дейінгі азыздардың жүйесінде өз айтарын нақтылап айтуы, өзінен кейінгі әрі қатарласы Әблілқасым Фердоуси ақынның “Шаһнама” сияқты ұлы шығармаларына еркін жол ашады.

Бұдан кейінгі жүйрік Насыр Хұсырау қазіргі Тәжікстан өңіріндегі Кабадия ауданында 1004 жылдары дүниеге келеді. Бұл ақын да өзінің алдында

Рудаки, Фердоуси сияқты ақындардың үлкен жолымен жүріп, олар қамтыған әрқылы жанрларын да мүмкіндігінше толық қамтуға тырысады. Өзінің “Екі дана ұндастігі” атты туындысында жаңалыққа құштар жандардың еркіндігін бермеуге ешкімнің хақысы жоқ дегендей өз қарсылығын білдіреді. Шығыс еліндегі әсіресе Хорасан шаһары төңірегіндегі жалған оқымыстыларға, немесе философтарды құдайға қарсы деу сияқты өсек аяңдарға дес бермейді. Және мұндай жайлардың арқасында діннің де, пәлсапаның да күні бітетінін жақсылыққа жорымайды.

Бұл кісінің “Сафарнама” шығармасында не нәрсенің болсын шыққан тұптамырына назар аударуды қатты қадағалайды. Ақын сол мақсатын жүзеге асыру жолында өзінің “Мадақтау мен бетке басу”, “Ізгілік пен жауыздық”, “Екіжүзділік пен достық”, “Ағартушылық жайлы кітап”, “Бақыттылық жайлы кітап”, “Патша мен дәулеттілер ұstemдігі” сияқты күрделі шығармалары сол заманда да, бүгінгі таңда да мәнгілік шығарма болып қалғандығы ақиқат. Ақын өз шығармаларының негізінде феодалдарға қарсылық, әсіресе сол замандағы исмайлизмге қарсылығы өрістей түседі.

Бұдан кейінгі ұлы ақындарымыздың бірі – Омар һәйям. Ол 1048 жылдың мамырында Нишапур қыстағында дүниеге келген. Бұл кісі негізінде көрнекті ғұлама және философ болған жан. Оның ең ғажабы өзінің жоғарғыдай ғұламалылығы мен пәлсапасының жолында еңбек ете отырып, ара-арасында өзінің түйінді-түйінді ой жүйелерін қағаз бетіне шумақтап түсіріп отырған. Ұлы ақынның осы қысқа да нұсқа ой түйіндері кейін келіп, өзге еңбектерімен бірге бүкіл әлемге жайылған кеткен. Оны қазақшаға заманымыздың үлкен лирик ақыны Куандық Шаңғытбаев ағамыз өз дәрежесінде аударып, қазақ оқырмандарының ойынан шығатындей етіп тарту еткен.

Бірінен-бірі асып түскен парсы ақындарының тағы бірі – Жәлаладдин Руми еді. Бұл кісі Балхы шаһарында (бұл жер қазір Ауганстан жерінен қарайды), 1207 жылдың 30 қыркүйек айында дүниеге келеді. Шыңғысханның шабуылының өсерінен озық ойлы құдайшыл-ғұлама ақынның әкесі Таяу Шығыс Азиядағы Селжуктер еліне жер ауып кетеді. Сонда жүріп ақын рухани білім алады және әкесінің жолын қуады. Дінді уағыздау медресесінде оқып, сопылық жолдағы шейх болып шығады. Және өзінің болашағын айқындалап берген “Өсиетнама” жинағын шығарады. Ақын өзінің ададарға деген ықылас-ниетін жаң-жақты қамтып, оның ұстіне аты онша белгісіз Тебриздік Шамс деген дәруішті өзіне пір етіп алады. Оның өзге шәкірттері Руми ақыннан қызғанып, құпия түрде көзін жояды. Пірінің өлімі жанына қатты батқан Жәлаладдин Руми “Тевриздік Шамс жайлы” деген кітап жазады. Бұл жерде біз “Шамс” деген сөздің мағынасы “Күн” екендігін айта кеткеніміз жөн. Ол жинақта ададар арасындағы не қылыш мінездерді әрқайсысын өз әрекеттерімен көркем шығармада көрсетіп береді. Ақын сол Коние қыстағында 1272 жылғы 17 желтоқсанда қайтыс болады. Ақыл-парасатты мистиканың поэзиядағы философияны терендей ұғындыруға бой ұрғызады. Бұл кезең XIII-XIV ғасырларды

қамтиды. Бұл ағымға өз шығармашылық бағытын алғаш бүрған Сағди ақын болатын, содан кейін барып осы Руми ақын еді.

Жоғарғы ақындармен қатар ғұмыр кеше жүріп, өзінің поэзиядағы биіктігін одан әрі дамытқан ұлы ақындарымыздың бірі – осы Мұслихәддин Сағди болатын. Бұл кісі 1203-1210 жылдары Ширазда дүниеге келген (бұл жер қазір *Оңтүстік Иранға қарайды*). Бұл ақын да өзінің туған шаһарына Шыңғысхан ордасының жақындай түсуіне байланысты көңілі қобалжып, басқа амалдың жоқтығынан елден ел кезіп кетеді. Қысқасы, ол бармаған ел мен жер жоқтың қасы. Мысалы: Арабтардың шөлін кезеді, Эзербайжан сонымен қатар Сирия, Египет, Мароккаларда болады, ол тіпті сыйбайы-салтаң жер шарын кезіп жүріп крестоностармен шайқасып, тұтқынға да түседі. Сейтіп жүріп өліп қала жаздал, одан да бір амалын тауып құтылып, тағы да сан қала мен шөлдердің үстімен небір қауіп-қатерге ұрынып, Шираз қаласына жасы егде тартып, жер ортасынан ауғанда қайтып оралады. Монғол басқыншылығынан мол алтын беріп сатып алынған Шираз шаһарына келіп қоныс тебеді.

Көп жылдардан соң еліне оралған ақын көңілі тынып алдымен прозасы мен поэзиясы араласқан “Гүлстан” атты жинағын кейін “Бұстан” яғни “Жемісті бак” атты жинақтарын жазады. Бұл жинақтардағы ақын қозғаған пәлсалаптық ойлары өз ортасында ұлken беделге ие болады. Және әлемдегі барша елдің де оқырманын өзіне тәнті етеді. Сол елдердің қатарында бұл жақұт жырларға біздің оқырмандар да ортақтасады. Бұған өзіміздің ұлken аудармашы ақыннымыз Мұзафар Әлімбаев себепшілік жасайды. Бірақ ол кісі екінші жинақты “Жұмақстан” деп аударған. Және онысы өте көңілге қонымды шыққандығы сонша, ол онша дәлелді керек ете қоймайтында дәрежеде шыққан. Біз Мұзафар ағамыздың “Жұмақстанын” тұтастай беріп отырмыз. Ал ақын өзінің ақырғы өмір жолын 1292 жылы сол туған жерінде тамамдайды. Өзі кезінде Бағдаттағы жоғарғы “Низамие” атты діни академияны бітіреді. Өз өмірінің ширек ғасырдай уақытын Шығыс елдерін аралаумен өткізген ақын сол елдерді әбден зерттеп шыққан. Ақынның жоғарғы күрделі еңбектерінен басқа да көптеген ғазалдар жазған.

Бір белестен бір белеске өрлегендей біз Сағидидан кейінгі бір асу деп Шәмсәддин Мұхаммед Хафизді атایмыз. Бұл кісі де 1325-1326 жылдары сол Ширазда дүниеге келеді де 1389 жылы сол жерде қайтыс болады.

Бұл кісінің балалық шағы өте ауыр болады. Және жастай жетім қалып көп тауқымет тартып, өзінің еті тірілігімен ғана аман қалады. Өзін бірінші сақтап, өзінің ұлken тірегі болған құранды толығымен жатқа оқитындығы және Шахнабат атты қызыға ғашық болып ғұмыр кешкендігі көп нәрсені аңғартқандай. Сол құранды дауыстап оқуының да әсері болған болуы керек, өз халқының арасында ұлken жыршы болып та атағы жер жарады. Және Хафiz деген ат қойғызады. Ал жазған небір ғазалдары әлем әдебиетінің корына, қала берді, Батыс әдебиетіне аударылып ұлken құрметке бөленеді. Тіпті ұлы Гетеңің өзі бұл кісіні қатты бағалап, оны – Хафизді өзімді рухтаныратын күш-куатты бауырым деп бағалап, атын әлемге жайғызған жанның

бірі болады. Ал біздің заманда ол кісіні өте жоғары бағалаған Садриддин Айни еді. Бұл ақынының Шығысқа тән әр жанрдағы поэзиялық ғаламат ғазалдарын, сол Шығыстық білімді бала жастан құлағына құйып өскен Әбіраш Жемішев ағамыз тамаша аударып өз оқырмандарына жеткізіп берді. Жинақтың ажарын келтіріп тұрған ұлы саласы осы ғазалдары еді. Мұнда Әбіраш ағамыздың Хафиз ғазалдарынан:

*“Шираздың бұл пәк аруын періштеге теңер ем,  
Бір меніне Самарқант пен Бүқараны берем ем.”*

деген әлемге жайылған жыр жолдары да қазақ поэзиясының өз құймасындай боп шығуы ғажаптың ғажабы деп білеміз.

Ендігі әңгімеміз негізінен түркі аруына үйленген, әрі Науай сияқты ұлы ақынға бір жағынан ұстаз, екінші жағынан пікірлес бауыр боп кеткен – Жамда яғни Хорасанда 1414 жылы туған Әбдірахман Жемігеге тоқталып өтейік. Бұл кісі де алдындағы аға әріптестері сияқты, өз заманымен бірге туындаған сопылық жолды қалап, сол жолда өз қаламын еркін сілтеген Шығыстың ұлы ақындарының бірі. Бірі болса да бірекеілік күрделі жалын көтеріп кеткен данышпан ақын.

Әмірінің соңы 1492 жылы Герат қаласында аяқталады. Кезінде Самарқант пен Герат қалаларында оқыған. Өзі ақын, өзі философ, өзі музыка зерттеушісі, өзі тіл білімін қатты игерген атақты филолог болған. Оның ұстіне жүзден астам еңбек жазған, соның ішінде үш бірдей ғазалдар жинағы, жеті бірдей атақты дастан және тағы басқа да музыка танымы саласында, философия саласында һәм тіл саласында да үлкен еңбектер жасаған ақын. Біз бұл кісінің жеке басындағы бір-екі қасиетін айта кеткенді жөн көрдік. Негізінен бұл кісі діни жолды қалаған және жастайынан өзіне сұрақ қояйын деп тұрған ұстаздарының ойын тап басып, сол замат өзінің жауабын айта беретін зерделі шәкірт болған. Және бұл кісі де құранды жатқа біліп, оның Орта Азиядағы үлкен насиhatшысы болған.

Екінші бір қасиеті, бұл кісіні Герат Әмірі кезінде бас уәзірлікке шақырады. Бірақ оған ақын бірден келісім бермей біршама уақыт ойлануға пұрсат алады. Кейін қайта бармас үшін сопылық жолға түсіп, өзінің орнына сонау Самарқанттан жап-жас жігіт Әлішер Науайды алдыртқан мәрттігі де болады.

Бүкіл әлемге Шығыстың атын шығарған небір қасқа-жайсаң ақындардың бет қаймағындағы жеті жүлдзызымыз осы кіслер. Және әрқайсысы өз алдына жеке-дара шындағы биқтен қарайтыны тағы бар. Тіпті әрбірден соң бұлардың ең жасы болып саналатын Әбдірахман Жемидің өзі бір жырында:

*Алдыма мақсат тұтпадым,  
Батыстың құлық-сұмдығын,  
Келмеді менің шатысқым  
құмадым даңқтың гүл-багын.*

*Өлеңімде бәрі бар  
баянды да, баянсыз,  
Қалдыратын атымды  
осы болар ұжсамағым, –*

депті. Осы бір жалғыз шумақтың ішінде өзінің таза дәруіштік жолындағы қарапайым ғұлама екендігі, атақ-дәреже, байлық-мадақ күтпейтіндігі, оған қоса Батыс поэзиясының қаншалақты дәрежедегі поэзия нұсқасы екендігін тұтасымен осы бір шумақтың ішіне сыйғызып берген. Оның үстіне бұл ой бір ғана өзінің ғана атынан емес, өзінің алдындағы бүкіл әріптес тұлғалардың атынан, кала берді, Шығыстың құр мақтанға бой бермейтін даналығының қарапайым таза адами бейнесін тұтас беріп, ғұламалық ақыл-парасаттың да жан-жақты нұсқасын паш етіп тұрғанын қайтерсін.

Шығыс поэзиясының ең қомақты жүгін арқалап тұрған, анықтай айтсақ осы біздің әңгіме етіп отырған ұлы тұлғаларымыз болып есептеледі. Оның ішінде жоғарыда Қалтай Мұхамеджан ағамыздың “Парсы тілі – махабbat тілі” деп айтқаныңдай шындыққа еріксіз илануға тұра келеді.

Және бұл поэзияның әлем әдебиетінен ерекшеленетін төмендегідей бірнеше қасиеті тағы бар. Ол мыналар:

1. Махабbat тілінің жай шумақтардан бастап, орта жолда таза Шығыска тән ғазалдарға мөлдіреткен жан беріп, ең акыр аяғында “Жұсіп–Зылиха”, “Ләйлі–Мәжнұн”, “Хұсырау–Шырын” тағы басқа сол сияқты махабbat аңыздарының мерейін әр қырынан беретін қасиеті – сан қырлы асыл тас сияқты мәңгі өшпейтін жанды бейнедей жаңғырып, жасарып оқыла беретіндігінде. Бұл дегеніміз мұрты шағылмаған махабbatтың өсемдік әріне, ерліктің әніне еніп кеткендей сезіндіретіндігі.

2. Осы бір махабbat тақырыбы төңірегінде жырланған дастандардың IX ғасырдан XV ғасырға дейін әріптес әр ақынның ой толғамында ажар тауып, және оның өз оқырмандарына тезірек әсер ететіндігі, яғни әр шығарма өзінен бұрынғы жазылған өзі аттас дастанның санадағы сөулесін көмекілендіріп, оны ысыра отырып өзінің одан да қуатты сөулелі тартымдылығымен өз орнын тартып алуы, ғасырлап келе жатқан ұлылықтың ұлығатын білдіргендей.

Бұған мысалы, ең соңғы жазылған Эбдірахман Жәмидің “Жұсіп–Зылиха”, “Ләйлі–Мәжнұн”, “Саламан–Абсал”, “Ескендірдің даналық кітаптарының” біздің қазақ халқымызға өз үнімен жетіп, бұрынғы жырлардың табын өшіргендей әсер беруі ұлы қасиет деп білеміз.

3. Жоғарғы ұлы тұлғалардың өлең құрылышындағы үйқастар. Қай-қайсысында болмасын бір қалыпта құрылатындығы. Яғни екі жолдың үйқасы немесе шағын жыр болса алдыңғы екі жолдан кейін арасына бір жол тастан отырып, сол өлеңнің аяғына дейін бір үйқаспен шығу өрнегінің бұзылмауы.

4. Шығыска тән өлең тұрлері: “Жалғыз жолды жыр (ой жебе)”, “Фарды (қос жолдар)”, “Рубаяттар (шумақтар)”, “Ғазалдар (көңіл күй жырлары)”, “Таркибанд (қасіретнама)”, “Таржебанд (мұн толқын)”, “Қыта (ой-ұшқын)”,

“Марсия (өкініш жыры)”, “Мұрабба (жартылай өкініш жыры)”, “Қасида (қағылez жыр)”, “Маснови (толғау)”, “Ғибратнама (өнеге жыр)” тағы басқа да өлең түрлерінің, үйқасы жоғарғыдай болғанмен мына аты аталған өлең мінездері өсте өзгермейтіндігі ғажап. Бұл біздің ата-бабамыздың жалықпай айтып отыратын ақыл-кенесі сияқты, поэзияның көне қалыпты дәстүрінің өзгермегендігі.

5. Былай алып қарағанда (IX-XV) жеті ғасыр бойына өзгермеген осы өлең күрылымдарының бұзылмай бүгінгі күнге жеткендігі – өзінің салт-дәстүрін бұзбаған халық сияқты қалыптасқан қасиет. Және бұл жеті ғасыр ғана ма, оның алды-артын қосқанда бәленбай ғасырлап өзінің үнін қайталағандай болады. Оның өзі әрбірден соң парсы жыр әлемінің бұзылмаған қаймағын танытса керек.

6. Осындай қасиеттің күрделі нұсқасы “Шаһнама” сияқты тұғырлы да табанды жыры халықтың бойындағы өшпес қуаттай тасқындан тұратындығы тағы бар. Кешегі Кенес өкіметінің тұсындағы сәл тәлтіректеудің ертеңгі күні қайта нығаярында сөз жоқ. Оны қайта нығайтатын да осы патшалар тарихы болып саналатын “Шаһнама” сияқты тұғырлы еңбектер.

7. Парсы халқының әсем жырлары, жоғарғы айтқан жыр түрлері қай халықтың тіліне аударылса да өзінің нақты атауын ала жүретіндігі, ол да бір өшпейтін қасиеті десек жаңылыспағанымыз.

Осының бәрін айта келгендеңі себебіміз, сонау IX ғасырдан XV ғасырға дейінгі аралықтағы даңқы асқан парсы әдебиетін, оның ішінде поэзиясының еңсесін биік еткен, біз жоғарыда атап өткен ұлы тұлғалардың қай-қайсысы да өз биігін мәңгі ұстап қалғандығы екі бастан.

Және қалай ұстады дейсіздер ғой. Бұлардың әрқайсысы өз заманының ғажайып ғұламалылығын да қолдан бермеген. Жоғарыда байқаған шығарсыздар, ғылымның қай саласында болмасын, сол саласын жете менгеріп, соған қосымша өздерінің әдебиеттік қабілеттіктерін қоса өрбітіп отырған. Оған қоса философиялық, музикалық, филологиялық тіпті әрбірден соң математика және тағы басқа да салаларда өз үлестерін дер кезінде қосып отырған. Және онысы да өз биігінен көрініп, сол төңіректегі ақыл-парасаттылықтың шырқау биігіне шыққандығы ғажап.

Мына әлемдегі табиғат тылсымын жете игерген жандар, екінші жағынан да, яғни адам жаратылысының небір жұмбақ сырларын ашуға әрекет жасағандығы өте сәтті шыққан демеске хақымыз жоқ. Ал мұндай жаратылысты білу, адам бойындағы қабілеттіліктің орасан зор құдіреттілігін білдірсе керек. Екіншіден, бұл жағының тылсым сырының бір ұштығы әйел затында, яғни сұлулықта жатқандығы ақиқат.

Олай болса біздің айтып отырған ұлы тұлғаларымыздың бойындағы бар құдіреттіліктің орталық діңгегі ғашықтықта жатса керек. Оның сәттілігі де, сәтсіздігі де адам-пенденің тіршілік пәлсапасынан толық көруге болады.

Сол тіршілік пәлсапасының тоғысқан ортасынан біз осынша құдіретті жандарға куә болып отырғандығымыз, және олардың асыл жырларының әлеміне әлі күнге дейін таңырқап, таңдана отырып, содан өзімізге қажетті ләzzат алуымыз – бұл табиғаттың бізге тартқан сыйы демеске әddіmіz жоқ.

Олай болса, сөзімізді қорытындылай келгенде айтارымыз, бір кездегі бабаларымыздың ой-жүйесіндегі биіктік мәңгі өшпек емес. Және мәңгі ұлғі-өнеге болып қаларында сөз жоқ. Сонымен бірге бабаларымыздың онды-солды, көл-көсір ғұламалық тенізіндегі білімінен нәр ала отырып, соның алтын тәжіндегі поэзиямыздың шұғыла шашқан құдіретіне шомыла берейік. Сұлулық пен ақылдылықты тізгінде алған ой-парасаттылық мәңгі өшпесін. Ол өшпеген жерде адамзаттық қасиеттің де биік тұрары хақ. Сол биіктікті мәңгі сактар поэзиямыз жасай берсін!

**Сейфолла ОСПАН.**

# ӘБІЛХАСАН РУДАКИ

---

---

\* \* \*

Гұл сипатың көрік берген сән-көркіне бұл ғаламның,  
Сүмбіл шашың шалқытқан нұр, соған құштар мен бір  
жанмын.

Қатал темір жүрегім бар мәрмәр құзға мың соғылған,  
Ант етемін айтып соны, мейлің сүйме, өз сорымнан.  
Жаным сенен мейірім күтпес, тас жүрегім тебіреңбес,  
Құлдық етем мың мәртебе бірақ бекер, тәңірім көнбес.  
Не дауа бар құдіретте, жүрегің бар ерік бермес?  
Құл етші сен, Рудакиді, әзір болсын ол төзуге,  
Құл етіп ол алмас еді мың Дараны бір өзіне.

\* \* \*

Шешек атып, жұпар шашқан, туды көктем сұлу кербез.  
Ләzzат, рақат мың құлпырып, жер-дүние көркейер тез.  
Қарт адам да қайрат тауып, жас жігітше жалындайды.  
Кәрі әлем де жайнап қалды, жамылды да жарқын айды.  
Қаһарлы көк қамалдары, әскер құрды қалың, сұсты,  
Әскерлері – қап-қара бұлт, қолбасшысы – дауыл құшті.  
Шыракшысы – жайдың оты, дабылпазы – нажағайдан.  
Көрмедім мен мұндай қолды, дүниеге үрей жайған.  
Қара, әне, қап-қара бұлт, құдды жандай қайғы шеккен.  
Бұлт ішінен сығалайды, күн шіркін де окта-текте.  
Қандай дұшпан жеңіс тапты, ойран болды қандай шепте?  
Жаһан тұрды жыламсырап, жер еңсесін басты қайғы,  
Бірақ кенет шипа тауып, хош иісін жасмин жайды,

Әтір шашып дүниеге, себеледі жұпар жаңбыр.  
Нұр жамылды бұта талдар, күлімдеді судан ақ гүл

\* \* \*

Қар жамылған қара жерлер түледі де гүлдер атты.  
Өлі жатқан өзектер де өзен толқып, тулап ақты.  
Ал найзағай ойнап көкте, желді ұрып алқымдады.  
Бұлт ішінен ақ семсердей, жай жарқылдаپ, шартылдады.  
Алыс қырда ақша гүлдер күлімдеді бұлаң қағып.  
Қына жаққан сұлулардың тырнағында жайнай қалып.  
Құба талдың бұтағында сайрай қалды бұлбұл құс та,  
Кипаристан қара торғай үн қосады сол дауыска.  
Мың түрлі құс бағыстанда, ән шырқады осы тұста.  
Жұт шарапты, масайра сен, ләzzатын тап ғашықтардың,  
Бұлбұл құс та отыр елтіп өузіне жастық зардың.  
Көктем жақсы ләzzатына қаласың ғой шын құмартып.  
Кесепатты ұлықтардан момын жүзді қожам артық.

\* \* \*

Мәртебен оссе-құлди сені қуалар.  
Құлдиласан-мәртебе бірге сырғанар.  
Бақ үшін жұрт осылай шырмауыққа шырмалар.  
Перденді алып жарық етші бір иба ғып,  
Пердесіне күн де енер ұялап.

Алма сынды қандай жұмыр иегің,  
Қап-қара мен – хош иісті білемін.

\* \* \*

Бұл жарқылдақ жалған үқсар тұске бір,  
Жүрек қалғып, дамыл таппас әсте бір.  
Бәле жақтан іздер барып ізгілік,  
Ол қайғыны қызық көрер қыздырып.  
Бұл пәниде неге жүрсің сабыр ғып?  
Пәниде жок бір тыныштық, сабырлық.

\* \* \*

Өмір маған ақыл айтты – сол ізгі.  
Қарап тұрсаң,  
Өмір – ақыл теңізі.  
Өмір айтты: бақытты деп өзгелер,

Күйінбесен – саған рақат тез келер.  
Қанағат көр – басындағы бағынды.  
Аңсар көп жұрт сенің сол бір шағынды.  
Әмір айтты:  
“Тоқтала біл ашудан,  
Опа таппас бұл дүниеде ашынған,  
Сөйлеген жан бұғау салмай тіліне,  
Бұғаулатар екі аяғын түбінде”.

\* \* \*

Қолаң шаштан иісі аңқыған ай синаттым, айтшы маған,  
Қандай еді сол мұндарың, жас шағында жарқылдаған?  
Алдында сен бұлаңдайсың, қолаң шашпен құбыласың,  
Ол бір кездे көрсөн оны күлтеленген бүйра шашын.  
Әтті сол бір дәурендері, жүзі жібек секілді еді.  
Қара майдай қап-қара сі, бүйра шаштың кекілдері.  
Сүйген еді оны қыздар, асылзада мейман көріп,  
Кетті сол шақ, кетті ол да, келмес қайтып ондай көрік.  
Кетті дәурен, қайран шақтар, куанышты көп қызықты,  
Сол асылзат шаттықпенен, коп күндерін өткізіпті.  
Жомарт еді ол жұртқа да, зейнет еткен мұліктерін,  
Талай қызы түріктердің артқан оған үміттерін.  
Бірак бүркеп махаббатын, түнде ғана жолығатын.  
Зындандарға, қазымырға тап болам деп тарығатын.  
Шырын шарап, әсем тұлға, сиқырлы жұз, сырлы сымбат,  
Маған оңай ойысатын болса-дағы жұртқа қымбат.

\* \* \*

Әмір сүріп осы опасыз жалғанда,  
Ешбір адам өлмей тірі қалған ба?  
Қайткен күнде ажал сені құткармас,  
Қазаң жетіп сен өлерсің арманда.  
Бұл пәниден бай да өтеді мыңғырған,  
Баян таппас тақыр кедей болғанда.  
Кош айтысар сүйем жерсіз жарлы, һәм  
Рей менен Таразынды алғанда.  
Бұл дүние тұс секілді құр сағым  
Байқалатын көзінді үйқы шалғанда.  
Жақсы менен жамандықтың бәрі бір  
Мойыныңа өлім құрық салғанда.

\* \* \*

Ақ жүзінді аймалаған кезімде  
Бар күнәмді аударыпсын өзіңе.  
Жанарынаң жарқылдатып нұр төккен  
Қан толтырдым екі қара көзіңе.  
Таңғаларлық мінезім-ау бұл менің,  
Өз жасыма өзім мәз боп құлгенім.

\* \* \*

Мөлдір көзбен қызды думан көрігің,  
Көрген түстей ғайып болар өмірің.

Қапымын деп өткен іске өкінбе,  
Алдағыдан торықпасын сенімің.

Мен де,  
жар да қуанышты аңсаймыз.  
Жолын тосып шаттық самал лебінің.

Жақсы адам береді де алады,  
Жаман адам күтеді тек жұрт беруін.

Бұл жалғаның ұшқан бейне бір тұтін,  
Шарап ішіп,  
бас көнілдің желігін!

\* \* \*

Сен едің қайғылы да парасатты!  
Көз жасың қалтарыста талай ақты.  
Атыңды атасам да, бір сен үшін,  
Құлазу, қинаудан қорқам қатты.  
Келуші келді, кетпек кетіп болды.  
Сол үшін қайғырудың бар ма орны?  
Дүниені теңгермексің өз ойыңша,  
Оныңды қабылдай ма дүние онша?  
Мас болма, аспайды ол масқа құлақ  
Жылай бер, тыңдамайды ол оны бірак.  
Жеткенше мақшар күні еңірей бер,  
Өткен күн орала ма тартқанда жер?  
Орынсыз ренжітсең әлдекімді,

Тартасың тақсіреттер сен соғұрлы.  
Көз тігіп қатеріне алған жанды,  
Сорлатпақ тәнір сірә, сол адамды,  
Бұлты жоқ, тұтылмай-ақ күннің қөзі,  
Көрінбейді ай тұтылып жердің жүзі.  
Корқам тек әмір етсөң, ашулансаң,  
Жеңіліп көрген жоқсың сен ешқашан  
Жеңгенше қайғы өскерін көңілдегі.  
Шарап құй, жақсы болар соның тегі.  
Қолбасшы, ерлік даңқы, мархабаты  
Танымак қайғы үстінде сондай қатты.

\* \* \*

Мәжнүн көріп Ләйлі қызды ақыл-естен танғандай,  
Мен де сені көрген шакта жүрек от бол жанғандай.  
Раушан гүлді қолға алсак жұпар лебі тарайды.  
Қабақ түйіп қарасаң сен, мени қайғы қамайды.  
Бойды билеп шараптай-ақ мас ететін күлкің бар.  
Тынышымды алып сыңғырлайды құлағында сырғалар.  
Сен құлпырған қызыл гүлсің, бар ғаламның мақтаны.  
Жүрегің – кілт ашатұғын маған бақыт-қақпаны.

\* \* \*

О, перизат, сүйіктім, қайғы-мұңды бассайшы,  
Жарқ еткізіп жүзінді жалғыз рет ашсайшы.  
Саған онша қиын ба, жалғыз рет сүйдіру?  
Саған сонша оңай ма, қайғыменен күйдіру,  
Тыншытпаған жанымды менің ауыр азабым,  
Саған ол бір ойыншық жеңіл ғана мазағың.

\* \* \*

Жақсы да өтті, жаман да өтті жалғаннан,  
Кетті олар өз орнына арналған.  
Ку топыракты кеудесіне басты да  
Не жақсылар тұсті сыз жер астына.  
Дүние жиса сарп етіп өмірін,  
О дүниеге әкетті тек кебінін.

\* \* \*

Рудаки қос ішекті тартады,  
Ғашық жарын жырлап, өлең айтады.

Тамшы шарап балқып тұрған лағылдай,  
Жар ерні о да ыстық жалындай.

Екеуінен бір қасиет сезінер  
Кім бар осы екеуінен безінер.

Тұтқан шарап өзегінді күйдірсе.  
Оттай ыстық ерін де өртер сүйдірсе.

\* \* \*

Шараптан да адам кейде “ізгі қасиет” табады.  
Баға жетпес алтыныңды табаныңа салады.  
Оны ішсөң жақсы-жаман мінезінді ашады,  
Шық бермейтін шығайбайдың бар байлығын шашады.  
Алынбайтын тас қамалды талқан етіп күйретер,  
Құрық тимей өскен талай асауларды үйретер.  
Оны ішкенде сел-дария сирағынан келмейді,  
Бір ғаламат батыл жігіт көкіректі кернейді.  
Көніліндегі түйткі болған қасіретті “жояды”  
Ақылынан алжастырып ажуа ғып қояды.

### ШАРАП ТУРАЛЫ ҚАСИДА

Ана шарап қартайды, нәр тамбады,  
Жоғалт козін, жас сәбиін ал-дағы.

Жан анасы өлмей, тірі тұрғанда,  
Перзентінің оңай ма одан қалмағы.

Мезгілімен ерте емшектен айырсан,  
Обалы бар, ұмытпайық Алланы.

Наурыз бенен абан айы ішінде  
Ақ маманы абзал оның сорғаны.

Мезгіл жетсе шариғатқа туралап,  
Карт анасын құрбандыққа шал-дағы.

Жеті күндей ессіз-түссіз зарлатып,  
Жас бөбекті жап зынданға сал-дағы,

Апта өткен соң есін жияр, бірақ та  
Ұмытылmas қайғы отының жанғаны.

Шыдай алмай әрлі-берлі аунақшыр  
Анасының құшағына барғалы.

Отқа ерітсөң алтын балқыр, алайда  
Салмас қайғы оған ақырет таңбаны.

Сәби шарап қан-жынындай түйенің  
Көбік шашса, шайтан мәз боп арбады.

Көпіршігін күнде қалқып байқаушы  
Дәмін татып ең тәуірін таңдады.

Тыншығасын демігуі басылып,  
Жапты есігін берік құлып салғалы.

Біраздан соң шарап тұнар мәлдіреп,  
Маржан тастай қып-қызыл бол тамғаны.

Онда қанша әсем Йемен агаты,  
Онда қанша Бадахшанның мәрмәрі.

Раушан гүл одан жұпар сепкендей  
Жалғыз рет иіскеп көрсөң болғаны.

Құмыраны тарс бекітіп тастайсың,  
Енді көктем оралғанша алдағы.

Есікті ашып көрсөң бір күн оны сен  
Жарқыраған бейне бұлақ таңдағы.

Тұнде келіп құяр болсаң шыныға  
Мұса қолға бейне інжу алғаны.

Татса қорқақ батырланып, сараңның  
Мырзадай-ак шашылады мал-жаны,

Бір шынысын іше қалған адамның  
Көңілінде қалмас, сірә арманы.

Танжерден де аластатып қайғыны,  
Шаттандырар Рей менен Омманды

Ашымықтан уыт жиған бұл шарап,  
Сан жыл тұрып, бар киімін жалмады.

Хан сарайда сол шараппен қонақ күт,  
Түрлі-түсті гүлге толсын жан-жағы.

Жасау толы хан ордасын пейіш ет,  
Жақсы бұйым жисын халық маңдағы.

Сар алтыннан соқсын сансыз асыл зат  
Өнер тамған не зергердің қолдары.

Шеберлердің шақырылсын бәрі де,  
Шықсын нәзік сырнайлардың зарлы әні.

Диқан Салих тектілермен бас қосса,  
Төрде отырар бас уәзір Балами.

Алтын тағы дайын тұрсын Әмірдің  
Құдай сүйген ол Хорасан ардағы.

Сапқа шықсын туған айдай сан сарбаз  
Жортса жердің көтерілген шандағы.

Бастарына гүл тізбегі оралған  
Жерге тисін айдарының тармағы.

Перизаттар ортасында аспазшы,  
Қаһан ханның ұрпағы ол баяғы.

Үлпәтшілік еткен халық бір кезде  
Орнына тұрған ханды аңлады.

Кипаристей сұңғақ жігіт-аспазшы  
Қолындағы шарапты оған арнады.

Сол зәм-зәммен көтерсін деп көңілді  
Ұлы патша Сейстанның саңлағы.

Хан бокалын көтергенде жалбақтап  
Игі жақсы оған мақтау жолдады.